


Тақырып 3. “Кәсіпорынның айналым капиталы”

1. *Айналым капиталы, мәні, түрлері*
2. *Айналым капиталын пайдалану көрсеткіштері*
3. *Айналым қорларына қажеттілікті анықтау*

Сабақтың мақсаты - Студенттерді компаниялардағы **айналым капиталының** мәні, құрамы мен түрлерімен таныстыру, айналым капиталын тиімді пайдалану әдістемесін қарастыру, айналым қорларына қажеттілікті есептеу дағдысын меңгеру

Негізгі тұжырымдамалар

Айналым капиталы – кәсіпорында қорларды құру және өнім өндіру мен өткізу үдерісінде шығындарды аванстау үшін пайдаланылатын және 1 жыл ішінде немесе 1 өндірістік циклде айналым жасайтын ресурстар.



Сурет 1 – Айналым капиталының түрлері

Айналым капиталының түрлері:

1. Айналым қорлары
2. Айналыс қорлары (фонды обращения)

1. Айналым қорлары – әрбір өндірістік циклде толығымен тұтынылатын, өздерінің құнын дайын өнімге толығымен аударатын және өздерінің табиғи-заттық нысандарын өзгертетін айналым капиталының бір бөлігі.

Негізгі және айналым қорларының қандай айырмашылықтары бар деген сұрақ туындауы мүмкін.

Негізгі қорлар 1 жылдан көп мерзімде қолданылса, айналым капиталы 1 жылға дейін немесе 1 өндірістік циклде толығымен тұтынылады.

Негізгі қорлар өздерінің заттық нысанын сақтайды, айналым қорлары заттық-материалдық нысанын сақтамайды, дайын өнімге айналып кетеді.

3-ші айырмашылығы - Негізгі қорлар өздерінің құнын дайын өнімге біртіндеп, яғни амортизациялық аударымдар арқылы аударатын болса, айналым қорлары құнын дайын өнімге бірден аударады.

Айналым қорларына мыналарды жақызуға болады:

- Өндірістік қорлар – кәсіпорынға келіп түскен еңбек заттары, бірақ олар алғашқы өндірістік операциялар орындауға қатыспайды. Өндірістік қорларға шикізаттар, материалдар, отын, сатып алынатын жартылай фабрикаттар, өнімнің қораптары, ыдысы, қосалқы бөлшектер, қызмет ету мерзімі 1 жылдан аз құрал-саймандар кіреді.

- Аяқталмаған өндіріс – өндіріс процесіне енген, әлі дайын өнімге айналмаған, келесі технологиялық өңдеу сатысы талап етілетін еңбек заттары

- Келешек кезең шығындары. Бұл жаңа өнімдерді негіздеу және игеруге, тау-кен дайындық жұмыстарын жүргізу, жобалау шығындары осы кезеңде жұмсалады, бірақ алдағы кезеңдерде өнімнің өзіндік құнына кіреді.

Айналыс қорлары. Айналыс қорларының негізгі міндеті - айналыс үрдісін ресурстармен қамту болып табылады.

Айналым қорларынан ерекшелігі - айналыс қорлары құнды қалыптастыруға қатыспайды, олар тек тасымалдаушылар болып табылады.

Айналыс қорларына кіретіндер:

1. Қоймадағы дайын өнім - еңбек заттарын өңдеу нәтижесінде алынған, өндірістік процесс толық аяқталған, техникалық бақылау қызметіне қабылданған өнімдер.

2. Дебиторлық борыштар - басқа тараптардың (ұйымдардың) кәсіпорынға қарыз болуымен түсіндіріледі. Дебиторлық борыштардың көп болуы айналым процесін тежейді, кәсіпорын иелігінде нақты ақшаның болмауына әкеп соғады. Сондықтан дебиторлық борыштарды үнемі бақылауда ұстау қажет.

3. Ақша қаражаттары – есептік банктік шоттардағы ақша қаражаттары, меншікті қорларындағы ақша т.б. жатады.

Айналым құралдары :

Нормалауға байланысты нормаланған және нормаланбаған айналым құралдарына жіктеледі.

Нормаланған айналым қорларына өндірістік қорлар, аяқталмаған өндіріс, болашақ кезең шығындары мен қоймадағы дайын өнімдер кіреді.

Нормаланбаған АҚ жөнелтілген, бірақ ақшасы төленбеген дайын өнімдер, есептіп шоттардағы ақша қаражаттары мен кәсіпорын меншігіндегі нақты қолма қол ақшалары жатады.

Қаржыландыру көздеріне байланысты меншікті, тартылған, қарыз қаражаттарына бөлінеді.

Меншікті кәсіпорынның жарғылық капиталы, кәсіпорынның пайдасы, резервтері жатады.

Кәсіпорынға тартылған немесе жұмылдырылған қаражаттары - пай жарналары, бюджеттік қаражаттар

Қарыз капиталына банктердің немесе басқа қаржылық институттарының несиелері кіреді.

Айналым капиталы өз айналымында 3 сатыдан өтеді және келесі қызметтер атқарады:

1. Ақшалық
2. Өндірістік
3. Тауарлық

Айналым капиталының айналымы мынадай сызба бойынша жүреді:

Ақша-Өндірістік қорлар...Өндіріс...Дайын өнім- Ақша

Өнеркәсіптік кәсіпорынның айналым капиталының тиімді қолданылуын келесі негізгі көрсеткіштер сипаттайды:

1. Айналымдылық коэффициенті ($K_{\text{айн}}$) есепті кезеңде өткізілген өнімнің көлемін сол кезеңдегі айналым капиталының орташа сомасына бөлу арқылы анықталады.

$$K_{\text{айн}} = \Theta_0 / AK_0.$$

Мұндағы, Θ_0 - өткізілген өнім көлемі, теңге;

AK_0 - айналым қорларының орташа сомасы

2. Бір айналымның ұзақтығы (Y_1) уақыт кезеңінің айналымдық коэффициентке қатынасымен анықталады:

$$Y_1 = T / K_{\text{айн}}.$$

T – уақыт кезеңі (365 күн деп аламыз).

Бұл көрсеткіш айналым капиталының қандай уақыт аралығында кәсіпорында айналымның барлық сатыларынан өтетінін білдіреді.

Айналым капиталының қайтарымдылығы (пайдалылығы) ($AK_{\text{қайт}}$). Бұл көрсеткіш салық салғанға дейінгі пайданы сол кезеңдегі айналым капиталының орташа сомасына қатынасымен анықталады және айналым капиталының 1 теңгесінен қанша пайда алынатынын көрсетеді:

$$AK_{\text{қайт}} = \Pi / AK.$$

Мұндағы, П – салық салғанға дейінгі пайда.

Меншікті айналым капиталымен қамтамасыз ету көрсеткіші (Қамт) меншікті айналым капиталының ($AK_{\text{менш}}$) сомасын кәсіпорындағы айналым капиталының жалпы сомасына бөлу арқылы анықталады.

$$Q_{\text{амт}} = AK_{\text{менш}} / AK$$

Келесі көрсеткіш *Айналым қорларын жүктеу коэффициенті* - бұл өткізілген 1 теңге өнімгенеше айналым қорлары келетінін білдіреді

$$K_{\text{айн}} = AK_o / \Theta_o$$

Белгіленуі, материалдарды өндірісте пайдалануға қажеттіліктеріне байланысты ағымдық, сақтандыру және дайындық қоры деп бөлінеді:

Ағымдық қор (Ақ) – шикізаттар мен материалдардың екі кезекті жабдықтаулары арасында үздіксіз өндірісті қамтамасыз ететін қор.

Сақтандыру қоры (Сқ) – бұл жабдықтаулардан ауытқу болған жағдайда үздіксіз өндірісті қамтамасыз ететін қор.

Дайындық қор (Дқ) – бұл кәсіпорында өндірістік тұтыным үшін (материалдарды алдын ала технологиялық өңдеу бойынша арнайы операцияларды орындау уақыты, шикізаттар, материалдарға есептік құжаттар дайындау уақыты, шикізаттар мен материалдарды жүктеу, тиеу, жеткізу, түсіру, сұрыптау, қоймаға орналастыру және зертханалық талдау т.б.кететін уақыт) үшін шикізаттар мен материалдарды дайындау уақытына қажетті қор.

Мысал. 4-тоқсандағы өндіріске кететін шығындар сметасы бойынша өнімнің өзіндік құны 4500 мың теңге, соның ішінде шикізаттар мен негізгі материалдар – 2700 мың тг. Шикізаттар мен материалдармен аралық жабдықтау арасындағы орташа интервал – 12 күн, олардың жолда жүру уақыты – 4 күн, жүкті түсіру, жеткізу және сұрыптауға кететін уақыт – 2 күн.

Шикізаттар мен материалдарға кететін айналым қорларын анықтау қажет?

Шикізаттар мен материалдарға кететін айналым қорлары (Ппз) келесі формуламен анықталады:

$$Ппз = P1 * Hз$$

Мұнда P1 – құндық мәндегі шикізаттар мен материалдардың бір күндік шығыны;

Hз – қоймадағы шикізаттар мен материалдардың қор нормасы (мерзімі)

Құндық мәндегі шикізаттар мен материалдардың бір күндік шығыны (P1) заттық мәндегі шикізаттар мен материалдардың бір күндік шығынын олардың бағасына көбейту арқылы анықталады.

Қоймадағы шикізаттар мен материалдардың қор нормасы (мерзімі) ағымдық қор, сақтандыру қоры және дайындық қорларының қосындысымен анықталады:

$$H_3 = A_k + C_k + D_k$$

Шешімі:

1. Құндық мәндегі шикізаттар мен материалдардың бір күндік шығынын (P1) анықтайық:

$$P1 = 2700 \text{ мың тг} / 90 = 30 \text{ мың тг}$$

2. Қоймадағы шикізаттар мен материалдардың қор нормасы (мерзімі) (H3):

$$H_3 = (12 + 4) + 16/2 + 2 = 26 \text{ күн.}$$

Сонда шикізаттар мен материалдарға кететін айналым қорлары (Ппз) мынаған тең:

$$Ппз = 30 \text{ мың} * 26 \text{ күн} = 780 \text{ мың тг.}$$

Қоймадағы шикізаттар мен материалдар қорының нормасына сатып алынатын шикізат партияларының шамасы әсер етеді. Сатып алынған материалдар партиясы неғұрлым көп болса, соғұрлым өндірістік қорлардың шамасы көп болады, бұл қоймалық шығындардың артуына әкеледі.

Кәсіпорын сатып алуларды жүзеге асыру кезінде құжаттарды толтыру, тасымалдау т.б. шығындар жұмсайды. Сондықтан кәсіпорын басшысының міндеті - шикізаттардың сатып алынған партиясының ұтымды шамасын анықтау.

Сатып алынатын шикізат партиясының тиімді шамасы (Q) Уилсон моделі арқылы анықталады:

$$Q = \sqrt{\frac{2mo}{rk}}$$

Мұндағы

m - сатып алынатын шикізаттардың жылдық көлемі (заттық мәнде);

o - 1 партияға есептелінген сатып алуларға қызмет көрсету шығындары (құжаттарды толтыру, тасымалдау);

r - орташа жылдық қордан пайызбен шикізаттарды қоймаға орналастыру бойынша шығындар;

k - шикізат бірлігінің бағасы.

Сатып алынатын шикізат партиясының тиімді шамасы (Q) егер тапсырыс партиясын орындау құны, D-есепті кезеңдегі шикізатқа жалпы қажеттілік, данамен – лшенгенде, H-шикізат бірлігін сақтау бойынша шығындар белгілі болған жағдайда келесі формуламен анықтауға болады:

$$Q = \sqrt{\frac{2FD}{H}}$$

Мұндағы

F – тапсырыс партиясын орындау құны, теңге;

D-есепті кезеңдегі шикізатқа жалпы қажеттілік, дана;

H-шикізат бірлігін сақтау бойынша шығындар, теңге.

Шикізат партиясының тиімді мөлшерін анықтағаннан кейін, бір жылдағы жабдыкталатын партиялар санын (N) анықтау қажет:

$$N = \frac{m}{Q}$$

Осыдан кейін сатып алынатын шикізаттардың кезекті партиялары арасындағы интервалды (И) есептеп, ағымдық қорды анықтау қажет. Бұл күндермен есептегендегі жұмыс кезеңінің ұзақтығын партиялар санына бөлінеді.

$$И = \frac{П}{N}$$

Мысал. Айталық, кәсіпорын 1 жылда бағасы 1 мың теңге тұратын 50 мың кг шикізат сатып алуы қажет. Тапсырыстарға қызмет көрсету шығындары әр партиясына 200 мың теңгеге бағаланады, ал қойма бойынша шығындары қордың орташа жылдық құнының 20 % құрады.

Сатып алынатын партияның тиімді мөлшері Q мынаған тең болады:

$$Q = \sqrt{\frac{2 * 50_{мың} * 200_{мың}}{1_{мың} * 0.2}} = 10 \frac{мың}{кг}$$

$2 * 50 \text{ мың} * 200 \text{ мың тг} / (1000 * 0,2)$ яғни қойма шығындары 20 %. Сонда 10 мың теңгеге тең болады

Бұдан, 1 жылдағы сатып алулардың саны:

$$N = 50\,000 / 10000 = 5 \text{ рет}$$

Шикізаттарды жабдықтау арасындағы интервал

$$И = 365 \text{ күн} / 5 = 73 \text{ күнді құрайды}$$

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Давильбекова Ж.Қ. Кәсіпорын экономикасы [Электронный ресурс] : оқулық / Ж. Қ. Давильбекова; Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университеті. - Электрон. текстовые дан. (4,91 Мб). - Алматы : ҚазҰТУ, 2014. - 251 б.
2. Еркебалаева, В. З. Кәсіпорын экономикасы [Электронный ресурс] : оқу құралы / В. З. Еркебалаева, Е. А. Қожабеков, Е. А. Бакиров. - Электрон. текстовые дан. (5,53 Мб). - Шымкент: Әлем, 2017. - 212 б.
3. Экономика предприятия (организации) [Электронный ресурс] : учебник / О.В. Баскакова, Л.Ф. Сейко. — Электрон. дан. — Москва: Дашков и К, 2017. — 372 с. — Режим доступа:

<https://e.lanbook.com/book/93428>

4. Куатова Д.Я. Экономика предприятия: практический курс: Учебное пособие. – Алматы: Издательство «Дәуір». – 2015.

5. Экономика предприятия: учебник. Практикум / В.Д. Грибов, В.П. Грузинов. - 7-е изд., перераб. и доп. — М.: КУРС: ИНФРА-М, 2017. — 448 с. - Режим доступа: <http://znanium.com/catalog>

6. Экономика предприятия: учеб. пособие / О.И. Волков, В.К. Складенко. — 2-е изд. — М.: ИНФРА-М, 2016. — 264 с. — (Высшее образование: Бакалавриат). - Режим доступа: <http://znanium.com/catalog>

7. Баймұқашева М.Қ. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы. Атырау, 2019.- 204 б. (электронды ресурс)

8. The Economics of the Modern Construction Firm. Stephen L. Gruneberg and Graham J. Ive First published 2000 by MACMILLAN PRESS LTD Houndmills, Basingstoke, Hampshire RG21 6XS

9. ҚР Кәсіпкерлік кодексі, 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ

10. Martin Ricketts. The Economics of Business Enterprise. Third Edition, 2002

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

- 1 Бір өндірістік цикл ішінде пайдаланылатын, өзінің заттай формасын өзгерте отырып, құнын өнімнің өзіндік құнына толық аударатын құндылықтар қалай аталады?
 - 1) Айналым құралдары
 - 2) Негізгі құралдар
 - 3) Материалдық емес активтер
 - 4) Еңбек ресурстары
 - 5) Амортизация
- 2 Айналым қорлардың айналымдық коэффициенті қалай анықталады?
 - 1) Таза түсім - өзіндік құн / акционерлік капиталдың құны
 - 2) Пайда / өткізілген өнімнің өзіндік құны
 - 3) Өткізілген өнім көлемі / айналым қорларының орташа жылдық қалдығы
 - 4) Активтің орташа жылдық құны / өткізілген өнімнің құны
 - 5) Өнімнің өзіндік құны / активтің орташа жылдық құны
- 3 Нормаланбаған (мөлшерленбеген) айналым қорларға не кіреді?
 - 1) Өткізілген, бірақ ақшасы төленбеген тауарлар, ақша қаражат, дебиторлық қарыз
 - 2) Дайын өнім, аяқталмаған өндіріс, ақша қаражат
 - 3) Болашақ кезендердің шығындары, ақша қаражат
 - 4) Болашақ кезендердің шығындары, аяқталмаған өндіріс, дайын өнім
 - 5) Қоймадағы дайын өнім, өндірістік запастар
- 4 Кәсіпорынның айналым капиталы неден тұрады?
 - 1) Айналым қорлар және айналыс қорлары
 - 2) Негізгі қорлар және қоймадағы дайын өнім
 - 3) Негізгі және өндірістік запастар

- 4) Өндірістік запастар және ақша қаражаттары
- 5) Кәсіпорынның бағалы қағаздары

- 5 Қандай көрсеткіш өткізілген өнім көлемінің құнының осы мерзімнің айналым қорлардың орташа қалдығына (құнына) қатынасын анықтайды?
- 1) Айналым қорларының айналым ұзақтығы
 - 2) Айналым қорларының айналымдылық коэффициенті
 - 3) Айналым қорларының рентабелділігі
 - 4) Өндіріс тиімділігі
 - 5) Ағымдық жағдайының коэффициенті

Дұрыс жауаптар:

- 1. 1)
- 2. 3)
- 3. 1)
- 4. 1)
- 5. 2)